



«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті" КеАҚ

**Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің
2023 жылғы түлектеріне жүргізілген сауалнаманың нәтижелері**

Атырау 2023ж

Ұсынымдар

Жалпы саны 230 университет түлектерін қамтыған әлеуметтік сауалнама университетіміздің барлық түлектерінің 10% құрады (*барлығы 2321 түлек*). Алынған негізгі ақпарат материалдар мәтінімен университеттің білім беру қызметтерін көрсету процесіне тікелей немесе жанама қатысатын барлық басшылар мен қызметкерлердің мұқият танысуы маңызды.

Материалдарды төмендегі бағытта пайдаланылу маңызды:

- *Студенттерді оқытуды ұйымдастыру шарттарындағы кемшіліктерді жедел жою үшін (бұл кемшіліктер жиынтық және мәтіндік кестелерде көрсетілген);*
- *Кафедра, деканат, бөлім және университет ректоратының жұмысын жоспарлау үшін (алынған деректер студенттердің жасырын мәселелерді көрсетуімен маңызы жоғары);*
- *Педагогикалық кадрларды іріктеу және біліктілігін арттыру қажеттілігін анықтау үшін (оқытушылардың көпшілігі біліктілігін жетілдіруі керек, сонымен қатар қызметтік жауапкершілікке деген көзқарасын түзетуі керек);*
- *материалдық-зертханалық, практикалық базаны түбегейлі нығайту үшін, оқуға қолайлы жағдай жасау үшін және т.б.*

1. Түлектермен жүргізілген сауалнама деректері университеттегі жоғары кәсіптік білімі бар кадрларды даярлауда төмендегі жайттарды көрсетуде:

Түлектердің басым көпшілігі 81,3% университетінің оқу сапасына қанағаттанғанымен (2023 жылы 81,3%, 2022 жылы 64,4% 2021 жылы 93,6% және 2020 жылы 92,7%) осы мәселені қарастыратын алдыңғы жылғы зерттеулеріміздің деректерін салыстырсақ сәйкессіздікті көреміз, яғни, түлектер университеттегі оқу сапасы бойынша берген бағаларын асыра көрсетуі мүмкін. Сондай-ақ түлектердің өздері Университетте оқудың мынадай жағдаяттарына қанағаттанбайтындығын атап өтеді: оқу аудиторияларындағы температуралық режим (жылы және суық уақытта), жатақхана жағдайлары. Сондықтан осы аталған мәселелерді шешу басқарма үшін өте маңызды. Аталған себептерге байланысты жоғары оқу орнының әкімшілігі студенттердің қанағаттанбауының осы тұстарына үлкен көңіл бөлуі қажет, себебі осы мәселелер жыл сайынғы сауалнама нәтижелерінде көрініс табады.

2. Түлектердің жұмысқа орналасуы туралы сауалнама нәтижелері өте қызықты. Біріншіден, сауалнамаға қатысқан түлектеріміздің 72,5% қазіргі уақытта жұмыс істейді және мамандық бойынша жұмысқа келісімі бар 8,7%. Сонымен қатар: мамандық бойынша жұмыс іздеген, бірақ таба алмаған түлектеріміз – 5,2%, ал, мамандығы бойынша жұмыс істегісі келмейтіндер -5,7% сонымен қатар мамандығы бойынша жұмыс әлі іздегендер- 2,7%, осылардың қатарында- мамандықтары бойынша магистратурада оқуларын жалғастырушылар – 5,2% құрап отыр. Айта кетейік, жұмысқа орналаспаған жастар арасында масылдық пен NEET санатындағы жастар қатарының көбеймеуі үшін университетке өзінің имиджі туралы ойланудың маңызы зор.

3. Студенттердің жемісті білім алуына кедергі келтіретін басқа да субъективті-объективті себептер шиеленісе түсуде. Олардың ішінде: жұмыс,

қосымша жұмыс (сұралғандардың 39,7%); нашар денсаулық (17,8%); қарапайым жалқаулық (17,8%); ауылға жиі бару/қайту (Атырау қаласынан тыс) (24,8%); жеке басының салақтылығы және бос уақытының ұйымдастырылмауы (13,7%). Қосымша жұмыспен немесе тұрақты жұмыспен айналысатын түлектердің өлшем бойынша көрсеткіштер биылғы жылы біршама төмендеді (2020 жылы ағымдағы көрсеткіштер - 50,9%, 2021 жылы- 33,0% 2022ж- 17,5%). Айта кету керек, сапалы кәсіби білімнің деңгейіне кері әсер ететін негізгі нақты осы фактор болып табылады.

Екінші себебі бұл – түлектердің нашар денсаулығы болып табылады (17,8%). Бұл тұрғыда университеттің денсаулық сақтау орталығына асқынған аурулары бар студенттердің тізімін алып, олардың емделу мүмкіндіктерін бақылау және медициналық ұсыныстар беру ұсынылады.

Жоғарыда айтқанымыздай, студенттердің жемісті білім алуына кедергі келтіретін объективті себептердің арасында «жетілмеген зертханалық-практикалық база» (3,3%), «әдебиеттің жетіспеушілігі» (19,2%) бар, оны университет толықтай бақылай алатыны анық.

2023 жылғы түлектер сауалнамасының материалдарымен жұмыс істеу бойынша келесі ұсыныстарды енгіземіз:

- Бірінші. Электрондық нұсқа университеттің барлық құрылым-бөлімшелеріне жіберіледі.
- Екінші. Университеттің Директорлар кеңесінде және ЖОО-ның Ғылыми кеңесінде жүргізілген сауалнама қорытындылары туралы қысқаша ақпарат.
- Үшінші. Материалдарды Университет сайтында жариялау.

Сапа мониторингі кеңесі

